

ОРИЕНТАЛИЗМ

Батыс Еуропаның сыртқы саяси дәстүріндегі «Басқаның» образы. Әлеуметтік-мәдени көзқарастың саясаттағы орны. 2-бөлім



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 13. Батыс Еуропаның сыртқы саяси дәстүріндегі «Басқаның» образы. Әлеуметтік-мәдени көзқарастың саясаттағы орны. 2-бөлім

Мақсаты: Этномәдени процестердің сыртқы саяси дәстүрден алатын орнына тоқталыңыз.

Бұл дәрісіміз Батыс Еуропаның сыртқы саяси дәстүріндегі «Басқаның» (Шығыстың) образы тақырыбының жалғасы болғандықтан, өткен дәрістің мазмұнын тағы бір рет еске түсіріп алайық.

Бұл тақырыпты біз алдымен «образ» ұғымының анықтамасынан бастадық, яғни образдың бір зат немесе құбылыс жайлы түсінік қалыптастыратын философиялық және психологиялық категория екеніне және объекті мен оның образының арасындағы байланыстың жақын, шынайы болуы өте маңызды екеніне тоқталдық; одан кейін Шығыс жайлы көзқарастар, Шығыстың образы Европада ерекше танымдық жағдайларда пайда болғаны айтылды; яғни империялық отарлаудың аясында Батыстың үнемі Шығысты өзінен төмен қоюына байланысты оған түрлі стереотиптер таңғаны сөз болды; Батыс Шығысты тануы үшін, оның образын қалыптастыруы үшін ол алдымен Шығысты зерттеуі немесе қарапайым сөзбен айтқанда оның Шығысқа баруы керек болды. Біз бұған қатысты Франция мен Англияның Үндістан мен Таяу Шығысқа қатысты отарлау идеясынан туған бәсекелестікке тоқталдық; «Ост-инд компаниясы» мен Наполеонның Мысырға экспедициясы жайлы мәлімет алдық; «евроцентризм және ориентализм» тақырыпшасында осы образдың Европадағы саяси-мәдени идея ретінде таралғаны айтылды. Шығыстың образы мәдени гегемонияның мүддесі тұрғысынан Батыстың өзі үшін тиімді, қолайлы етіп жасалғанын анықтадық; Батыста Шығыстың образын зерттеуші мамандар ғана емес, сондай-ақ Шығысқа барған саяхатшылар, саудагерлер, шенеуніктер, әскери экспедициялар, қасиетті орындарға ғибадат жасаушылар және олардың бөлек Шығысқа бармай-ақ экзотикалық сапарлар жайлы туындыларды, көркем әдебиетті оқыған оқырмандар да қалыптастырғанын анықтадық. Батыста таралған Шығыстың образы объекіден, яғни Шығыстың өзінен алшақ туындағаны белгілі болады, себебі, ол алдымен шынайы білімнен емес, алынған әсерден пайда болғаны көрінеді және осы әсер кейіннен тарала келіп білім болып қалыптасқаны нақтыланды.

«Батыс Еуропаның сыртқы саяси дәстүріндегі «Басқаның» образы. Әлеуметтік-мәдени көзқарастың саясаттағы орны» тақырыбы жан-жақты талдауды қажет ететін маңызды мәселе болғандықтан біз бүгін халықаралық саясатта этномәдени процестердің алатын орнына тоқталамыз.

Этномәдени процестер

Әдетте Батыс қоғамында Шығыс халықтарын сипаттағанда бинарлы (қосарлы) қарама-қарсылық қолданылады. Бұл әдіс бойынша еуропалық адам – әр әрекетін ойланып, ақылмен істейді, оның ойы ешқашан екіұшты болмайды, ол логиканы еш уақытта оқымаса да оның әрекеті үнемі көңілге қонымды, нақты. Ол табиғатынан скептик, себебі объективті шындықтың дұрыстығына күдікпен қарап тұрады, әр нәрсенің ақиқатына көз жеткізу үшін оның дәлелін талап етеді.

Ал Шығыс адамының ақыл-ойы, керісінше, жалпылама образға негізделген, біржақты, көбінесе жүйесіз және негізсіз. Батыстық таным бойынша ерте замандарда арабтар ғылымда жақсы жетістіктерге қол жеткізсе де қазір ең қарапайым жағдайда шешім таппай қиналады, яғни ол білімі жағынан бұрынғысынан әлсіз. Олар көпсөзділікке бейім, ойын нақты, тұжырымды жеткізе алмайды, оны түсіну үшін қосымша сұрақ қою керек, деректері көбіне бір-біріне қайшы келеді. Шығыс адамының логикасы да жеткілікті дамымаған.

Батыстың бинарлы логикасы бойынша батыс адамы ашық, нақты деп сипатталса, шығыс адамы тұйық, жинақы емес деп көрсетіледі. Бұған нақты мысал келтірейік. Саидтің «Ориентализм» еңбегінде Британия үкіметінің Мысырдағы өкілдері Бальфур мен Кромердің сөйлеген сөздерінен үзінді беріледі.

Егер Бальфур мен Кромердің берген сипаттамалары бойынша Шығыс иррационалды, бұлінген, бейғам, «ерекше» болса, керісінше Батыс рационалды, ізгі, жетілген, «қалыпты». Бұл сипаттар – сайып келгенде Шығыс пен Батыс арасындағы шегараны біржола бөліп тастайтын сипаттар.



XIX және XX ғасырларда Шығыстың образы әртүрлі формаларда тарады, алайда олардың шынайы образы жоғарыдағыдай бұрмаланып берілді. Аталған уақытта Шығыс жайлы ғылым жалпы алғанда үлкен беделге ие болды, көптеген Батыс елдерінде, Ресейде, кейіннен АҚШ-та оны зерттейтін арнайы мекемелер құрылды. Олардың барлығы дерлік бүгінгі күні де ғылыми зерттеулермен айналысып жатыр.

Шығыс пен Батыс халықтарының образындағы айырмашылықтар біртіндеп екі әлемнің пайда болуына себеп болды. Саидтің айтуынша еуропалықтардың Шығыс жайлы қалыптастырған тұжырымдамасын Англия премьер-министрі Бенджамин Дизраэли «Ұлы Азиялық құпия» деп атады. Біз Дизраэлимен алғаш оның Саидтің еңбегіндегі «Шығыс – бұл мамандық» деген қанатты сөзі арқылы таныстық. (The East is a career – Benjamin Disraeli).

Саидтің айтуынша «Ориентализм өзінің мәні жағынан шындық жайлы саяси көзқарас болғандықтан, оның құрамдас элементтері таныс пен бөгденің арасындағы айырмашылықтарды анықтап отырды. Мұндай көзқарас белгілі бір мағынада ол айырмашылықтарды өзі жасады, ал одан кейін сол ойдан шығарылған екі әлемге қызмет етті. Шығыс адамдары өздерінің әлемінде, біз өзіміздің әлемімізде өмір сүрдік. Пікір (көзқарас) мен материалды шындық бір біріне кереғар болды. Батыс адамдары үнемі ашық пікіралмасу бостандығына ие болды, себебі ол барынша күшті мәдениеттің өкілі болғандықтан ол Дизраэли айтқан «ұлы азиялық құпияға» қол жеткізе алды, ол үшін күресті және оған форма немесе мағына бере алды», яғни Саидтің Дизраэли туралы айтқанынан ол (Дизраэли) «ұлы Азиялық құпия» деп санаған Шығыстың образын Батыс өзі жасағанын және оны өзі мойындайтынын айқын көруге болады.

XIX ғасырдың ориенталисі – ол арабист, индолог немесе синолог сияқты ғалым ғана емес, сонымен бірге жай ғана В. Гюго, И. Гёте сияқты энтузиастар немесе бір мезгілде соның екеуі де, мысалы, ғылымға бар ықыласымен еңбек еткен Р. Бертон, Э. Лэйн, Ф. Шлегель.

Әр шығыстанушы өз саласы бойынша шығыс еліне саяхатпен барып, әдетте Шығыс жайлы білімін толықтыруға көңіл бөледі. Алайда Э. Саидтің пікірінше олар тек материал жинаумен айналысады да өздері барған елді шынайы ортада болып зерттеуге мүлде аз көңіл бөледі немесе өз бетімен тануға қызықпайды. Сондықтан Араб Шығысы бойынша ағылшын немесе америкалық маман өзін араб танушы емес, шығыстанушы деп атағанды дұрыс санайды. Басқаша айтқанда оның білімі кітап арқылы қалыптасқан, нақты емес, ол Араб Шығысы емес, жалпы Шығыс маманы. Ал мұның іс жүзінде мүмкін еместігі түсінікті.

Халықаралық қатынас үшін маңызды географиялық шегаралар әдетте әлеуметтік, этникалық және мәдени шегаралармен қатар жүреді. Батыста Шығыс жайлы нақты білімнен гөрі нақты болжамдар, ассоциациялар мен жалған пікірлер басым. Басқаша айтқанда Батыстың Шығыс жайлы білгенінен білмегені әлдеқайда көп. Сондықтан бұл олқылықтың орнын толтыру үшін Шығыстағы этномәдени процестерді зерттеудің қажеттілігі арта түседі.

Француз философы Гастон Башляр беймәлім нәрсенің айналасында болжамның көп болатынын айта келе оны «кеңістік поэтикасы» деп атаған, яғни кез келген образ дегеніміз – нақты бір объектінің айналасында қалыптасқан көзқарас, пікір немесе мәліметтен тұрады, оны сөзбен көркемдеуге немесе керісінше кемсітіп көрсетуге болады. Мысал ретінде араб-израиль шиеленісіндегі палестиндіктерді алайық. Әдетте БАҚ-та олар босқын немесе террорист, экстремист немесе жанкешті болып көрсетіледі. Ал оның сол әрекетінің немесе басындағы жағдайдың себептері мен қиындығы айтылмайды, ал оның шешімі жайлы мүлде сөз болмайды. Таратылатын ақпарат бойынша палестиндік ол үнемі қолына граната ұстаған террорист, яғни қауіпті адам. Мұнда объектінің өзі емес, образы маңызды болып тұр.

Шығысқа қатысты «клишелер» немесе «стеротиптер» де осылай таратылады. Шығысқа тән сипаттар белгілі, ал оны тудырушы себептерді ешкім көрмейді немесе көргісі келмейді. Бұл жоғарыда айтылған объект пен бейненің арақатынасына тиісті деңгейде мән берілмеуіне дәлел.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін саяси күштердің конфигурациясы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. АҚШ Франция мен Ұлыбританияны ығыстырып, басты орынға келді.

Бұрынғы империалистер әлемінің жаңа заманғы тарихында кең ауқымдағы мүдделер жүйесі пайда болды. Ол жүйе енді оларды Америка Құрама Штаттарымен байланыстырды. Әлемдік мәдениетте Шығыс туралы сан алуан жасанды идеялар тарады. Бұрын ориентализмнің объектісі Таяу Шығыс болса, «Шығыс» ұғымы енді Жапония, Индонезия, Қытай, Үндістан,



Пәкістан елдеріне қатысты жиі қолданылатын болды. Алайда ислам мен арабтарға қатысты идеялар көп жағдайда бұрынғы мазмұнын сақтап қалды.

Бұрын Батыстың Англия, Франция сияқты елдерінде Шығыс жайлы қандай стереотип қалыптасса, енді ол АҚШ-та да солай жалғасын тапты. Мысалы, 1973 жылғы араб-израиль соғысынан кейін баспасөзде бірден жанар-жағар май станциясының жанында тұрған араб шейхінің бейнесі бар карикатуралық суреттер пайда болды. Карикатурада ұлттық киім киген араб өз көзқарасымен «біздің» барлық қиындықтарымыз «оларға» байланысты дегенді меңзеп тұрғандай көрінеді, яғни мұнайлы аймақтың қожайындары тағы да есепсіз мол байлықтың иесі, билікқұмар немесе еңбек етуге құлықсыз ұлттың өкілі ретінде танылды.

Батыстың баспасөзінде араб әлеміне қатысты жиі таратылатын ақпараттың бірі – ол жиырма екі араб мемлекетінің арасында ауызбіршіліктің жоқтығы. Егер олардың басын біріктіретін жалғыз нәрсе болса – ол еврейлер мен Израильге деген өшпенділік. Бұл пікір БАҚ-тағы арабтардың типтік бейнесіне айналған. Ал олардың жиырма екі дербес мемлекет ретінде әрқайсысының өз тарихы, өз мәдениеті, салт-дәстүрінің барлығына көңіл аударылмайды. Олардың арасындағы экономикалық, мәдени немесе саяси байланыстардың сипаты мен нәтижелері тағы да назарға алынбайды.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдері стратегиялық және адам ресурстарына бай аймақтар ретінде ұзақ уақыт Батыстың қызығушылығын арттырып келді. Ал екінші дүниежүзілік соғыстан кейін саяси ойын алаңына АҚШ-тың келуіне және Парсы Шығанағындағы араб мемлекеттерінің жер қойнауынан мұнайдың мол қорының табылуына байланысты ориентализмнің географиясы кеңіді. Саидтің тұжырымдауы бойынша ориентализм қай елде – АҚШ-та болсын, Европада болсын, қай салада жүргізілсе де өзінің бастапқы бұлжымас қағидаттарын үнемі сақтап қалды. Олар қандай қағидаттар?

Ориентализм өте қарапайым формада жүзеге асырылады, бұл әсіресе арабтар мен исламға қатысты, яғни араб елдеріне билік жүргізу үшін алдымен оны оқып-зерттеу керек. Бұл жерде мәдени гегемония жүзеге асырылады.

Батыс пен Шығыс арасындағы бинарлы логика өз мазмұнын толық сақтап қалады, яғни Шығыс жайлы клишелер мен стереотиптер өзгермейді.

Ал жаңа ориентализмнің алдыңғы ориентализмнен айырмашылығы – оның жоғарыда аталған географиясы, Европа үшін Шығыс ұғымы Таяу Шығыспен көбірек байланысты болса, АҚШ үшін оның аясына енді Таяу Шығыстан бөлек, Қиыр Шығыс енетін болды.

Ориентализм Саид баяндаған формада қазір де өмір сүріп жатыр. Оның кеңінен, шапшаң таралуына қазір әлемдік ақпарат таратудың ең соңғы үлгідегі технологиялары қолданылуда. Алаңдаушылық тудыратын тағы бір себеп – оның ықпалының Шығысқа таралуы. Араб тіліндегі (және т.б. шығыс тілдеріндегі) кітаптар, журналдар арқылы «араб ой-санасы», «ислам» идеялары және т.б. таралып жатыр.

Қазіргі күні араб әлемі интеллектуалдық, саяси, мәдени тұрғыдан АҚШ-қа тәуелді. АҚШ өзінің әлемдік деңгейі мен экономикадағы жетекші орнын пайдалана отырып, болашағынан үміт күттірер дарынды жастарды оқу мен жұмысқа тартады. Егер бұрынырақ Европа мәдениетіне араб елдерін қоса алғанда көптеген Шығыс елдерінің элиталық топтары ұмтылса, енді бұл процеске барынша әртүрлі топтар тартылуда.

Араб елдерінің маркетинг, зерттеу, өндірісті басқару салаларын айтпағанның өзінде мұнайдан алатын табыстары АҚШ-та орныққан. Бұл іс жүзінде мұнайға бай араб елдерін Американың экспортына айналдырды. Бұл Парсы Шығанағы елдерімен қатар Ливия, Ирак, Алжирге де қатысты. Қарым-қатынастар біржақты сипатқа ие болғандықтан, араб елдері мұнай мен арзан жұмыс күшін тасымалдаушыға айналып отыр, ал өздері өте кең көлемде АҚШ-тың өнімін тұтынады. Батыс тарапынан жүрген мәдени экспансия соңғы уақытта АҚШ тарапынан жүргізіліп отырған экспансияның мәдени ғана емес, саяси, экономикалық та сипатын анықтап отыр.

Бұған қоса ақпаратты тарату жолдарының соңғы уақытта күрт өзгеруі бір жағынан әлемнің әр түкпіріндегі оқиғалар мен жаңалықтарға қол жеткізуді жеңілдетіп берсе, екінші жағынан жаңа стереотиптерді шапшаң тудыруға да жол ашып отыр. Жаһандану мен ғаламтордың әсіресе өз алдына өте нәзік сала – ұлтаралық қатынастарға араласуы жағдайды шиеленістіруге ыңғайлы жағдай жасайды.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **13. Батыс Еуропаның сыртқы саяси дәстүріндегі «Басқаның» образы. Әлеуметтік-мәдени көзқарастың саясаттағы орны. 2-бөлім**

Қорыта келгенде қай салада болмасын, екіжақты мәдени, экономикалық, халықаралық байланыстар орнату үшін оның объектісінің шынайы образын айқындап алу сол байланыстардың оң нәтиже беруі үшін де, жалпы қауіпсіздік үшін де, халықаралық проблемаларды оңтайлы шешу үшін де маңызды.

Қазіргі заманғы шығыстану пәнаралық ғылым, ол Азия-Африка ареалында өмір сүріп, дамып жатқан шығыс қоғамдарын барлық деңгейде және салада барынша терең зерттеуді міндет етіп қояды. Шығыс жайлы зерттеулер, көзделген идеялар сол Шығыс қоғамының әлеуметтік, мәдени өмірінің әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктеріне назар аудара отырып және жаһандану дәуіріндегі барлық мәдениеттер мен өркениеттердің өзара ықпалдастығы аясында қарастырылуы қажет.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Саидтің «ориентализм өзінің мәні жағынан шындық жайлы саяси көзқарас» дегенін қалай түсінесіз?
2. Қазіргі күні араб әлемі интеллектуалдық, саяси, мәдени тұрғыдан АҚШ-қа неге тәуелді?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Батыстың Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдеріне қызығушылығын түсіндіріңіз.
2. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ориентализмнің географиясы жайлы баяндаңыз. Оның кеңею себептеріне талдау жасаңыз.

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Саид Э., Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. Любимов Ю. В., 2007. Знание как образ и событие. Философские науки 4: 96–3.
4. Поршнев Б.Ф., Социальная психология и история. – М.: Наука, 1979.